

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Қолданыстағы сутегі жобалары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.04.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/135848/

Теміртаудағы ArcelorMittal болат зауыты елдегі ең ірі металлургиялық кәсіпорындардың бірі болып табылады. Мұнда «жасыл» электр энергиясы көміртексіздендірілген «жасыл» болат өндірісінің маңызды көзі бола алады.

Қазіргі уақытта электр энергиясын өндіруді тәулік уақытына және энергиямен жабдықтаудағы теңгерімсіздікке байланысты өтеуге мүмкіндік беретін сақтау технологиясын құру міндеті тұр. Электр желісіне қосылу зауыттан шамамен 50 км қашықтықта орналасқан Саран қаласында жүзеге асырылуы мүмкін.

Атап айтқанда, Linde Group AG сутегі өндірушісі ретінде, thyssenkrupp Industrial Solutions AG жасыл сутегі өндірісіне арналған электролиз қондырғыларын өндірудің инновациялық пионері ретінде және Böhmer GmbH қажетті шар крандарын өндіруші ретінде жергілікті неміс компанияларының әлеуеті Қазақстанның болат өнеркәсібін көміртексіздендіруге қатысты мүдделерімен қиылысады. Сондай-ақ, әлеует Goldbeck Solar GmbH компаниясынан Қазақстандағы күн электр энергиясының ірі өндірушісі ретінде анықталуы мүмкін.

Неміс компанияларының Қазақстандық нарық үшін тағы бір басты артықшылығы олардың кластерлерді қалыптастырудағы тәжірибесі болып табылады, өйткені аталған компаниялардың барлығы Қарағанды ауданында 100 км радиуста орналасқан. Бұл жобалық бастаманы саяси деңгейде Астана қаласындағы Германияның Елшілігі белсенді қолдап отыр.

Қазақстандағы тағы бір перспективалы сутегі жобасы қазіргі уақытта SVEVIND AB компаниясының жобасы болып табылады. Компания неміс-швед жобаларын жасаушы және жағалаудағы жел электр станцияларын дамытуда 30 жылға жуық тәжірибесі бар жаңартылатын энергетика саласындағы көшбасшы болып табылады.

Компания Маңғыстау облысында қуаттылығы 30 ГВт жел және күн электр станцияларын салуды және осы ресурстарды жылына 2 млн тоннаға дейін сутегін өндіру үшін пайдалануды жоспарлап отыр. Алынған сутекті, сондай-ақ оның туындыларын (атап айтқанда, аммиакты) басқа нарықтарға экспорттау, сондай-ақ ел

ішіндегі әртүрлі салаларда қолдану көзделеді.

2021 жылғы 22 маусымында SVEVIND компаниясы «KAZAKH INVEST «ҰК»АҚ-мен өзара түсіністік туралы Меморандум жасасты. Қазіргі уақытта аумақтарды резервтеу рәсімі өтіп жатыр. Кәсіпорын бірнеше онжылдықтар бойы жұмыс істейді және халықаралық инвесторлардан Қазақстанға бірнеше миллиард еуро инвестиция тартады деп күтілуде.

**Бусурманова Эсемгул Изтургановна, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті (Yessenov University), «Энергетика және автоматтандыру» кафедрасының профессор ассистенті**

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.